



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 24 сәуір

Ұлттық Банкте қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және ипотекалық қарыз алушылардың мәселелерін реттеу жөнінде дөңгелек үстел болып өтті

Бүгін Ұлттық Банкте БАҚ өкілдері мен қоғамдық бірлестіктер басшыларының қатысуымен дөңгелек үстел болып өтті, оның барысында Ұлттық Банктің қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және ипотекалық қарыз алушылардың мәселелерін реттеу саласындағы қызметінің негізгі бағыттары айтылды.

Қазақстан Ұлттық Банкі Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының бастығы Александр Терентьев қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүддесін қорғау Ұлттық Банктің негізгі міндеттерінің бірі болып табылатыны және ипотекалық қарыз алушылардың ахуалына үнемі мониторинг жүргізіліп, талдау жасалатыны туралы айтып берді.

«2015 жылы ипотекалық кредиттеу нарығында қалыптасқан ахуалға жасалған талдау нәтижелері бойынша Ұлттық Банк банктерден 2004 – 2009 жылдардағы кезеңде ипотекалық қарыз алған қарыз алушыларға мемлекеттік қолдау көрсету туралы шешім қабылдады. Проблемалық қарыздардың басым үлесі осы кезеңде берілген қарыздарға тиесілі, себебі қаржы дағдарысының салдарынан кіріс көздерін жоғалтуына және шарттардың талаптары бойынша сыйақы мен өсімпұл сомасының көлемін еңсере алмауына байланысты қарыз алушылардың қарыздарына қызмет көрсете алмай, қарыз бойынша кепілге берілген жалғыз баспаналарынан айырылу қаупі болды. Осыған байланысты 2015 жылғы сәуірде Ұлттық Банк Басқармасы Қайта қаржыландыру бағдарламасын бекітті және оны іске асыруға 130 млрд. теңге бөлінді», - деп хабарлады А. Терентьев.

Ол бағдарлама капиталдандырылған сомаларды шегергенде қарыз бойынша негізгі борыш қалдығын жылдық 3%-дан аспайтын мөлшерлемен қайта қаржыландыруды көздейтінін еске түсірді. Қарыз алушының өсімпұл, тұрақсыздық айыбы және комиссиялар бойынша берешегін банктер кешіруге тиіс.

«Бүгінгі күні, бағдарламаның нәтижесінде Қазақстанның 23 000 астам отбасы өзінің жалғыз баспанасын сақтап, ипотекалық қарыздар бойынша төлемдерін жеңілдете алды. Ақшаны игерудің револьверлік тетігін ескере отырып қайта қаржыландырылған қарыздардың саны 2026 жылға дейін шамамен 40 мыңнан асуы мүмкін», - деп А.Терентьев бағдарламаның алдын ала қорытындысын айтты.

«Ипотека нарығына қосымша жүргізілген мониторинг валюталық ипотекалық қарыз алушылардың ағымдағы экономикалық ахуал кезіндегі осал болып табылатынын көрсетіп отыр, себебі олардың борыштарының мөлшері валюталық бағамдардың құбылуына әсер етеді. Осыған байланысты Мемлекет басшысы өзінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында Ұлттық Банкке халықтың 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген валюталық ипотекалық қарыздары бойынша мәселені түпкілікті шешуді тапсырды», - деді ол.

Александр Терентьев ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 59 қаулысымен 2015 жылғы сәуірде қабылданған Қайта қаржыландыру бағдарламасының жаңа редакцияда бекітілгенін хабарлады.

Ол, жаңартылған Бағдарламада валюталық ипотекалық қарыз алушыларға көмек, сондай-ақ 2004 – 2009 жылдар аралығындағы кезеңде берілген қарыздарды қайта қаржыландыру кезінде жақсартатын талаптар көзделгенін айтты.

«Бағдарламаның валюталық ипотекалық қарыз алушыларға көмек көрсетуді көздейтін блогы Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтарда берген тапсырмасын іске асыруға бағытталған. Бағдарламаны іске асыру нәтижелері бойынша жеке тұлғалардың тұрғын және өзге де жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген нақты барлық валюталық ипотекалық қарыздары теңгеге ауыстырылатын болады», - деп атап өтті А.Терентьев.

«Бағдарлама жеке тұлғалардың 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін алынған валюталық ипотекалық қарыздарын Ұлттық Банктің 2015 жылғы 18 тамыздағы бағамы бойынша теңгемен қайта қаржыландыруды көздейді. 2015 жылғы 18 тамыздан кейін ағымдағы бағам бойынша теңгеге ауыстырылған валюталық қарыздар және олар бойынша сот актілері шығарылған қарыздар қайта қаржыландырылатын болады. Бағдарламаға енгізілген толықтырулар 21 000-нан аса қарыз алушының қарыздарын өтеуге оңтайлы жағдайлар жасайды», - деді ол.

А.Терентьев валюталық ипотекалық қарыз алушыларға банктердің қайта қаржыландыруды 2018 жылғы 30 желтоқсанға дейін жүзеге асыратындығын және қарыз алушыларға 2018 жылғы 15 желтоқсанның кешіктірмей өзінің кредитор банкіне қарызды бағдарлама шеңберінде қайта қаржыландыру туралы өтініш беру қажеттігін баса айтты.

«Бағдарламаға енгізілген өзгерістердің екінші блогы 2004 – 2009 жылдардағы кезеңде қарыз алған ипотекалық қарыз алушыларға қолдау көрсетуге бағытталған. Осы блок бойынша жақсы талаптар қарыз алушы борышты 36,5 млн. теңгеге дейін өтеген жағдайда қарызды қайта қаржыландыру мүмкіндігін көздейді; банктердің қарыз алушылардың банктер қарыздарды қайта қаржыландырудан бас тартуларына шағымдарын қарау жөніндегі комиссиялардың шешімдерін міндетті түрде орындауы; халықтың әлеуметтік осал топтарына (ХӘОТ) жатпайтын қарыз алушы үшін мемлекеттік баж сомасын кемінде 36 ай мерзімге бөліп төлеу мүмкіндігін беру және т.б.», - деді А.Терентьев.

Ол сондай-ақ бағдарлама қабылданғанға дейін банктермен, қоғамдық бірлестіктермен және мемлекеттік органдармен қарыз алушылар үшін салықтық артықшылықтарды беру бойынша үлкен жұмыс жүргізілгендігін атап өтті.

Александр Терентьев бағдарлама қарыз алушылардың борыштарын толық кешіруді көздемейді, тек қарызға қызмет көрсету талаптарын жеңілдетеді деп атап өтті.

Ол сондай-ақ Ұлттық Банктің ипотекалық қарыз алушыларға, оның ішінде халықтың осал тобына жататын қарыз алушыларға көмек көрсетудің келесі кезеңіне кіріскендігін айтып берді.

«Қазіргі кезде Ұлттық Банк бағдарлама шеңберінде банктерге қарыз алушылардың борыштары бойынша олардың меншігіне өткен тұрғын үйді жалға беру құқығын беру жөніндегі маңызды заңнамалық бастама жасады. Бұл түзету қарыз алушыларға ұзақ уақыт тұру және оған бұрын тиесілі болған тұрғын үйді жалдау төлемдерін төлеген соң меншігіне қайтару мүмкіндігін береді», - деді Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының бастығы.

Ұлттық Банк қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді жұмыс істейтін құқықтық тетіктерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі. Қаржы нарығындағы ахуалды, оған сыртқы факторлардың әсерін, тұтынушылар өтініштерінің тақырыптары мен себептерін терең талдау негізінде заңнамалық деңгейде ипотекалық қарыз алушылардың борыштық жүктемесі өсуінің алдын алуға, берешекті сотқа дейін

өндіріп алу жөніндегі ашық құқықтық аяны құруға, қарыз алушылардың қарыздарды алуға және қызмет көрсетуге байланысты шығыстарын төмендетуге бағытталған бірқатар маңызды нормалар қабылданды.

«Мемлекеттің қабылдап жатқан шаралары проблемалық ипотекалық қарыз алушылармен қалыптасқан жағдайды үзілді-кесілді шешуге мүмкіндік береді және реттеушінің бұдан былайғы қызметі ипотекалық кредиттеуді ынталандыруға, көрсетілетін қаржылық қызметтердің сапасын бақылауды күшейтуге және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталатын болады», - деді сөзін қорытындылай келе А.Терентьев.

«Бірлестігіміздің мүшелері атынан және жеке өзімнің атымнан Президентке халықтың валютамен ипотекалық қарыздары мәселесін шешу жөнінде Ұлттық Банкке дер кезінде тапсырма бергені үшін үлкен алғыс білдіргім келеді. Теңге бағамына түзетулер енгізу себебінен валютамен қарыз алушыларға өз қарыздарын жабу өте қиынға соғып отырғанына барлығымыз куәміз. Мемлекет тарапынан, атап айтқанда Ұлттық Банктің жүргізіп отырған жұмысы проблемалық ипотекалық қарыз алушылар мәселесіне нүкте қояды деп сенеміз», - деп «Ел бірлігі» ҚБ-ның төрағасы Шолпан Ризабекова атап өтті.

«Біз, Ұлттық Банктің Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыруды бастағанына өте қуаныштымыз. Ұлттық Банктің ипотекалық қарыз алушылармен жұмысы өте маңызды және Қайта қаржыландыру бағдарламасы біздің азаматтар үшін аса қажет, себебі ол азаматтардың баспанасын сақтап қалуға бағытталған», - деді брифинг барысында «Триумф-5» ҚБ-ның басшысы Қанағат Тәкеева.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz